



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 16 сәуір

2018 жылғы 6 сәуірден 13 сәуір аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу¹

13 сәуірдегі сауда-саттық қорытындылары бойынша **теңгенің нарықтық бағамы** бір аптаның ішінде 2,4%-ға (319,66-дан) әлсіреп, бір АҚШ доллары үшін 327,29 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюталық нарық тұрғысынан 2018 жылғы 6 сәуірден 13 сәуір аралығындағы маңызды оқиғалар ФРЖ және ЕОБ-ның наурыздағы отырыстарының хаттамаларын жариялау, ФРЖ өкілдерінің монетарлық саясатқа және АҚШ-тың экономикалық өсуіне қатысты түсініктемелері, АҚШ-тағы инфляцияның өсуі бойынша экономикалық деректерді жариялау, АҚШ пен Қытайдың сауда-саттық келісім бойынша болжамды өзара уағдаластығына қатысты сенімді көңіл-күй және АҚШ пен Ресей арасындағы геосаяси тәуекелдің өсуі болды. Осы факторлар әлемдік нарықтарда АҚШ доллары бағамының біршама әлсіреуіне әкелді.

Дамушы елдердің валюта бағамдарының² АҚШ долларына қарағанда серпіні мынадай түрде қалыптасты:

- **Ресей рублі** Ресейлік қор нарығының одан әрі құлдырауына әкелген АҚШ-тың санкциясына ұшыраған компаниялардың кейбір акцияларын инвесторлардың сатуы аясында 9,3%-ға (58,10-дан 636,49-ға дейін) әлсіреді. Сондай-ақ, валютаның әлсіреуіне АҚШ президенті Д.Трампының Ресей президенті В.Путинді Сирия үкіметіне әскери қимылдар кезінде қолдау көрсеткені үшін айыптауы болды.

- **Бразилия реалы** бір ай ішінде бөлшек сауданың 0,2%-ға кенеттен қысқаруымен және экономиканың өсуі жөнінде орталық банк жүргізген талдаушылардың болжамдарының нашарлауымен байланысты орталық банктің экономиканы монетарлық ынталандыру мерзімін ықтимал ұзарту аясында 1,5%-ға (3,37-ден 3,42-ге дейін) әлсіреді;


- **Түрік лирасы** үкімет әскерінің (Сирия) террорлық ұйымдарға шабуыл жасау кезінде химиялық қаруды ықтимал қолдануымен байланысты Сириядағы шиеленістің эскалациясы аясында 1,2%-ға (3,37-ден 3,42-ге дейін) әлсіреді. Түркиянің премьер-министрі Бинали Йылдырыма мен Түркиянің орталық банкі төрағасы Мұрат Четинкаяның

¹ шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ашық дереккөздердің негізінде апта сайын дайындайды

² АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары.

базалық мөлшерлемені ықтимал көтеруге қатысты көпшілікке жария етуі одан әрі әлсіреуді тоқтата тұрды.

- **Үндістан рупиясы** 0,4%-ға (64,98-ден 65,22-ге дейін) әлсіреді.
- **Оңтүстік Африка рэнді** 0,3%-ға (12,03-тен 12,07 -ге дейін) әлсіреді.
- **Индонезия рупиясы** 0,2%-ға (13 778-ден 13 755-ке дейін) нығайды;
- 1,3%-ға (57,34-тен 58,10-ға дейін) әлсіреді;
- **Мексика песосы** АҚШ президенті Д. Трамптың Еркін сауда-саттық туралы Солтүстік-Америка келісімі (НАФТА) бойынша келіссөздер аясында өзара келісімге таяуда қол жеткізуге қатысты түсініктемелерінің аясында 1,4%-ға (18,29-дан 18,04-ке дейін) нығайды.



Толығырақ ақпаратты төмендегі телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 2 704-585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz